



*Есеп*

*Психологтың 2021-2022 оқу жылына  
арналған жарты жылдық есебі.*

**Құрастырған: Умбеталиева А.Б.**

**Алматы 2022ж**

## **2021 жылдың қыркүйек айынан қаңтар айына дейін келесі жұмыстар жүргізілді.**

**Мақсаты:** оқу процесін психологиялық –педагогикалық қолдау. Колледж білімгерлерінің психологиялық денсаулығын сақтау үшін оңтайлы жағдайлар жасауға ықпал ету.

**Оқу үрдісін психологиялық-педагогикалық қолдау.**

### **Тапсырмалар:**

1. Өз уақытында психологиялық-педагогикалық қолдау.
2. Қоғамдық маңызы бар іс шараларды ұйымдастыру арқылы жасөспірімдерде азаматтық қасиеттер мен толеранттылықты тәрбиелеу.

**Осы мақсаттарға жету үшін жұмыс бірнеше бағыт бойынша жүзеге асырылды.**

- Педагогикалық қызметкерлермен жұмыс
- Студенттермен белсенді қарым қатынас
- Диагностикалық қызмет
- Психопрофилактикалық белсенділік.

### **Психодиагностика:**

Қыркүйек қазан айларында бірінші курс білімгерлер арасында психологиялық диагностика жүргізілді (бейімделу сауалнамасы). Бұл сауалнаманың мақсаты бірінші курс студенттерінің оқу жылының басында колледжде оқуға, ортаға қаншалықты толық бейімделгенін білу үшін зерттеу процесі болды. Сауалнамаға 260 білімгер қатысты. Бірінші курс білімгерлерінің 85%-ы студенттік өмірге бейімделу қиынға түспегенін айтты. Алайда кейбір білімгерлер бейімделудегі қиындықтарды атап өтті. Бұл білімгерлерге жекелеген консультацияларға назар аударып, қосымша көмек қажет болуы мүмкін.

Білімгерлердің көпшілігі 35%-ы бейімделу барысында басты рөлді өз сипаты мен қарым –қатынастарының жақсы көрсеткенін атап өтті;

25% отбасылық қолдау туралы айтты;

15%- достарының қолдауы және 25% кураторлардың көмегі туралы айтты.

Бірінші курс студенттердің 70%-ы достар тобын құрды, бұл студенттердің табысты бейімделуінің көрсеткіші, топтағы қарым –қатынас пен психологиялық климат оң. Студенттердің көпшілігі топтың істеріне белсенді қатысады, бұл олардың сәтті бейімделуінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Сонымен қатар 1 курс топ жетекшілерімен төмендегідей жұмыс жүргізілді:

Демографиялық деректер алынып, оның ішінде көпбалалы отбасы, толық емес отбасы, аз қамтылған отбасы, қамқорлықтағы балалар, Мүгедек балалар саны анықталды.

Жаңа оқу жылынан бастап, колледждің 12 білім алушысы өздерінің жеке мәселелері бойынша психологиялық кеңеске жүгінді. Олармен ашық сөйлесу арқылы жеке консультация беріліп, журналға тіркелді.

Колледжіміздің жаңадан түскен білімгерлеріне әлеуметтік төлқұжаттар толтырылды, және 2004 жылы туған жас жігіттердің әскери есепке тұру үшін 56 әлеуметтік-психологиялық сипаттамасы толтырылып, кураторларға берілді.

Сондай ақ білімгерлер арасында «Өзін өзі бағалау», «Өз өзіне қол жұмсау», «Оқытушы студенттер көзімен» атты сауалнамалар жүргізілді. Куратор Сізге қалай қарайды? Деген сұраққа, барлық топтар құрметпен, қамқорлықпен қарайды деп жауап берді. Сізге колледжде оқыту деңгейі ұнадыма деген сұраққа, көптеген білімгерлер «ия» деп жауап берді, бұл 89%көрсеткіш.

29 қыркүйек күні колледждан құралған екі команда «Ақиқат» пен «Ұлағат» командалар арасында «Өзге тілдің бәрін біл өз тіліңді құрметте» атты тақырыбында студенттік кеңес ұйымымен «Аяжан» дебаттық клубы мен жарыс өтті.

1 қазан күні – қазыналы қарттар күніне орай «Нур Отан» партиясы Түркіб аудандық филиалы «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері колледжіміздің ерікті білімгерлері ауданымыздың еңбек ардагерлеріне азық-түлік таратты. Колледж білімгерлері белсенді қатысты.

18 қазан күні мүгедектер мерекесіне орай Алматы қаласы №6 балалар үйіне, концертке колледжіміздің білімгерлері көрермен болып қатысып қайтты.

11 Қараша күні алматы қаласы СПИД орталығынан арнайы дәрігер Усенкул Мадина жалпы АИТВ туралы колледжіміздің білімгерлеріне презентация көрсетіп, толық мәлімет берді.

13 қараша күні алматы қаласы Дін істер жөніндегі басқармасынан арнайы мамандар келіп, орамал таққан студенттермен жеке жеке терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі бойынша ақпарат бере отырып сұхбаттасты.

24 қараша күні колледж білімгерлеріне жоспарға сәйкес «Суицидтің алдын алу» тақырыбында бейнероликтер мен слайттар көрсетіліп, ашық сабақ өткізілді. «Өз өзіне қол жұмсауға» арналған сауалнама жүргізілді.

25 қараша күні жоспарға сәйкес колледж білімгерлеріне «Шылым шегу, есірткенің зияны» жайлы тәрбие сағаты өткізілді. Әрбір білімгерлер өз ой пікірлерін ортаға салып, белсенді қатысты.

15 желтоқсан күні колледж білімгерлері Түрксіб ауданындағы «Шапағат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арнап, «Аяжан» колледжінің белсенді еріктілері қайырымдылық концерт ұйымдастырып, мүгедек балалардың ыстық ықыласына бөленіп, үлкендердің ақ батасын алып қайтты. Сонымен қатар мүгедек балаларға жаңа жылдық сыйлықтар таратып, олардың көңілдерін көтеріп, бірге ойнап, уақытты қызықты өткізіп қайтты.

Қаңтар айынан бастап, колледж мұғалімдерімен бірлесіп профориентациялық жұмыс жүргізілуде.

## Педагог психологтың 2021 жылдың қазан айында атқарған жұмыстары туралы есеп

1 қазан – қазыналы қарттар күнімен «Nur Otan» партиясы Түрксіб аудандық филиалы «Jas Otan» жастар қанатының мүшелері колледжіміздің ерікті білімгерлері ауданымыздың еңбек ардагерлеріне азық-түлік себебін таратты. Колледж білімгерлері белсенді қатысты.



## 2021 жылдың қыркүйек айында атқарған жұмыстары туралы есеп

Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте, атты тақырыбында студенттік кеңес ұйымымен «Аяжан» дебаттық клубы, колледждан құралған екі команда «Ұлағат» пен «Ақиқат» команда арасында пікірсайыс өтті. Пікірсайыс соңында екі команда мақтау қағазбен марапатталды.



**2021жылдың 18 қазанында мүгедектер мерекесіне орай, Алматы қаласы №6 балалар үйінде, актовый залында струнный квартет «GATOV» тобы концерт қойды. Концертке Аяжан колледжінің 1 курс білімгерлері барды. Білімгерлерге өте жақсы ұнады. Жақсы әсер алды.**



**2021 жылдың 21 қазанында Алматы қаласы мониторинг және талдау орталығы қоғамдық даму басқармасынан арнайы маман келді.**

**Кездесуде Алматы қаласы ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі, ҚазҰУ дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы сөз сөйледі. Әл-Фараби, философия магистрі, дінтану докторанты Сәрсембаев Руслан Мейіржанұлы Сарапшы "діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу" тақырыбында дәріс оқыды.**



**Колледждің 1 курс білімгерлеріне сауалнама жүргізілді.**




**2021 жылдың 11 қараша айында Алматы қаласы СПИД орталығынан арнайы дәрігер Үсенкул Мадина жалпы АИТВ туралы, оның қандай жолмен жұғатынын және алдын алу туралы презентация көрсетіп, колледж білімгерлеріне АИТВ туралы толық мәлімет берді.**



**2021 жылдың 13 қараша айында Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасынан арнайы мамандар келіп, орамал таққан студенттермен жеке жеке терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі бойынша ақпарат бере отырып сұхбаттасты.**



**2021жылдың 24қарашасында колледж білімгерлеріне "Суицидтің алдын алу" тақырыбында баяндама жасалынды. Баяндама барысында Суицидтің алдын алу туралы бейнеролик тер, слайдттар және мәліметтер ұсынылды. Осы тақырыпқа байланысты білімгерлер Суицидтің қандай жолға апаратынын түсінді және өз пікірлерін саналы түрде ортаға салып білдірді.**





**2021жылдың 25 қарашасында колледж білімгерлер арасында "Шылым шегу,есірткінің зияны" жайлы тәрбие сағаты өткізілді. Әрбір білімгерлер өз ой**

пікірлерін ортаға салып талқылап белсенді қатысып, өз қолдарымен зиянды заттарды салды. Жауапты колледж психологы Умбеталиева А.Б., ЖББ кураторы Тұрсынбекова Аружан Темирланқызы өткізілген тәрбие сағатына белсенді ат салысты. Білімгерлер үшін қызықтырарлық ашық сабақ болды.



**2021 жылдың 3 желтоқсанында студенттермен бірге мүгедек Марат Каусардың уйіне қайырымдылық жасап бардық. Колледж атынан операциясына қаржылай көмек көрсеттік.**



2021 жылдың 15 желтоқсанында колледж студенттері Түрксіб ауданындағы "Шапағат" әлеуметтік қызмет көрсету орталығындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арнап, "Аяжан" колледжінің белсенді еріктілері қайырымдылық концерт ұйымдастырып, өз өнерлерін көрсетіп, мүгедек балалардың ыстық ықыласына бөленіп, үлкендердің ақ батасын алып қайтты. Сонымен қатар мүгедек балаларға жаңа жылдық сыйлықтар таратып, олардың көңілдерін көтеріп, бірге ойнап, уақытты қызықты өткізіп қайтты.



